

**«Қ. ҚҰЛАЖАНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ
БИЗНЕС УНИВЕРСИТЕТІ» КОЛЛЕДЖІ**

«Бекітемін»
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Ш.Р. Айтжанова
Айтжанова Ш.Р.

«30» _____ 2025ж.

Оқу бөлімі



**Тарих пәні бойынша тарихи деректерді талдау әдістеріне
арналған оқу-әдістемелік құрал**

Астана 2025 жыл

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ колледжі әдістемелік кеңесінің отырысында қаралды. (2025 жылғы «30» қазан, № 2 хаттама).

Рецензенттер:

Ажигулова Гульжан Турсынханова – орыс тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы, педагог зерттеуші.

Әзірлеушілер:

Шалахын Роза. Тарихи деректерді талдау әдістері. Оқу әдістемелік құрал, Астана: - 2025, 77 бет.

Аңдатпа

«Тарихи деректерді талдау әдістері» атты оқу-әдістемелік құрал колледж білім алушыларына тарихи деректермен жұмыс істеудің негізгі тәсілдерін меңгертуге арналған. Құралда тарихи дерек ұғымы, оның түрлері мен ерекшеліктері қарапайым әрі түсінікті тілде түсіндірілген. Тарихи деректерді талдаудың негізгі әдістері (хронологиялық, салыстырмалы, сипаттамалық және себеп-салдарлық талдау) мысалдар арқылы көрсетілген.

Оқу-әдістемелік құралда практикалық тапсырмалар, сұрақтар мен өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар беріліп, білім алушылардың деректерді талдау, қорытынды жасау және тарихи оқиғаларды бағалау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Құрал колледждің гуманитарлық бағыттағы мамандықтары бойынша оқитын білім алушыларға, сондай-ақ тарих пәні оқытушыларына оқу процесінде пайдалануға ұсынылады.

Мазмұны

Кіріспе: Тарихи дерек және оны талдаудың маңызы.....	3
1. Тарихи деректердің түрлері мен оны жіктеу.....	4
2. Деректермен жұмыс істеу кезіндегі әдістемелік талаптар.....	6
2.1.Тарихи деректерді талдау әдістері.....	7
2.2.Салыстырмалы тарихи әдіс	8
2.3.Сындарлы талдау (критикалық талдау) әдісі.....	12
2.4.Контекстуалды талдау әдісі.....	17
2.5.Квантификациялық талдау әдісі.....	20
2.6.Өзара байланыс әдісі.....	22
2.7.Нарративтік талдау әдісі.....	25
3.Қазіргі заманғы технологиялар мен тарихи деректерді талдау.....	29
4.Қорытынды.....	32
5.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	35

Кіріспе: Тарихи дерек және оны талдаудың маңызы

Тарихи деректерді талдау – өткен оқиғаларды зерттеу және түсіну үшін қолданылатын ғылыми әдістердің жиынтығы. Бұл әдістер тарихшыларға шынайы ақпаратты іріктеп, оны объективті түрде бағалауға көмектеседі. Осы әдістемелік құралда тарихи деректерді зерттеудің негізгі әдістері қарастырылады. Қазақстан тарихында тарихи деректерді талдау саласында еңбек етіп жүрген көрнекті ғалымдар мен олардың еңбектері төмендегідей: Көшім Лекерұлы Есмағамбетов – Қазақстан тарихы шетелдік тарихнамасының негізін қалаушы. Ол бірнеше шет тілдерін меңгеріп, әлемдік тарих ғылымындағы заманауи бағыттарды қадағалап отырды. Ғалымның «Что писали о нас на Западе», «Қазақтар шетел әдебиетінде», «Азат рухтың күрескері», «Әлем таныған тұлға» сияқты еңбектері белгілі. Соңғы жылдары ол Махамбет Өтемісұлының өмірі мен күрес жолын мұрағат деректері негізінде зерттеп, 20 томдық «Махамбет әлемі» жинағының алғашқы бес кітабына алғы сөз бен түсініктемелер жазды.[1] Ә.С. Тәкенов – деректану ғылымының негізін салған ғалым. Ол Қазақ мемлекеттік университетінде «Деректану және архивтану» кафедрасын ашып, басқарды. Ғалымның Қазақстанның қазіргі заман тарихы бойынша құжаттар мен материалдар жинағы және басқа да еңбектері бар. Сонымен қатар, ол қазақ тарихшыларының еңбектерін қайта басып шығаруға үлкен үлес қосты.[2] Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиев – ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор. Ол тәуелсіздік кезеңінде Алаштану ғылыми бағытын қалыптастырып, осы бағытты зерттеудің методологиялық ұстанымдарын орнықтырды. Ғалымның «Алаш қозғалысы», «Қорғансыздың күнін кешкендер», «Қиянат анатомиясы» сияқты еңбектері ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға үлкен үлес қосты.[3] Нәбижан Мұхаметханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Ол қазақ тарихы мен Қытайдың сыртқы саясаты туралы зерттеулерімен танымал. Ғалымның «Қазақ тарихынан зерттеулер», «Тарихи зерттеулер», «XVIII-XX ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары», «Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы», «Қазақ тарихының өзекті мәселелері» сияқты еңбектері бар.[4]. Әлімғазы Дәулетханұлы – тарихшы, түркітанушы ғалым. Оның «Ежелгі және ортағасырлардағы түркілер: тарихи зерттеулер» атты еңбегі қазақ тарихының көне дәуірін ұлттық тұрғыдан сипаттаған маңызды зерттеу болып табылады. Сонымен қатар, ол «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері» атты екі кітаптан тұратын еңбектің авторы.[5] Қайдар Алдажұманов – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Ол Қазақстан тарихының көптомдық еңбектерін дайындауға негізгі авторлардың бірі ретінде қатысты. Ғалымның бес жүзге жуық ғылыми және ғылыми-көпшілік зерттеулері жарық көрген. Тарихи деректерді талдау – адамзат

қоғамының өткен тәжірибесін жүйелі түрде түсініп-бағалау мақсатында ғылыми әдістерді қолдануды білдіреді. Осы үрдіс арқылы тарихшылар дереккөздерді іріктеп, оларға объективті баға беру үшін түрлі тәсілдерді қолданады. Қазақстан тарихында бұл бағытты дамытуға үлес қосқан ірі ғалымдар шоғыры қалыптасты. Мәселен, К.Л. Есмағамбетов, Ә.С. Тәкенов, М.Қ. Қойгелдиев, Н. Мұхаметханұлы, Ә. Дәулетханұлы және Қ. Алдажұманов сынды зерттеушілер бұл саланың әр түрлі аспектілерін зерттеп, маңызды ғылыми мұра қалдырды. Тарихи деректер құрылымы мен мазмұнына қарай әртүрлі болады. Жалпы алғанда, олар жазба, ауызша, заттай және визуалды деректерге бөлінеді. Мысалы: Жазба деректер: архивтік құжаттар, хроникалар, заңдар, жеке хаттар, баспасөз беттері. Ауызша деректер: сұхбаттар, фольклор, ауыз әңгімелер мен куәгерлердің естеліктері. Заттай деректер: археологиялық қазбалар нәтижесіндегі материалдық мәдениет жәдігерлері, тұрмыстық заттар. Визуалды деректер: суреттер, фотографиялар, гравюралар, кино және бейне материалдар болып бөлініп кетеді. Осындай әр алуан деректердің әрқайсысы өзінің ерекшеліктеріне байланысты талдау мен түсіндірудің нақты әдістерін талап етеді.

1. Тарихи деректердің түрлері мен оны жіктеу

Тарихи деректердің түрлері: Жазба деректер (мұрағат құжаттары, жылнамалар, хаттар, мемуарлар), археологиялық деректер (қазба жұмыстары, артефактілер), фольклорлық деректер (аңыздар, эпостар, шежірелер), көркем және материалдық мәдениет деректері (кескіндеме, сәулет ескерткіштері, колөнер бұйымдары). Жазба деректер туралы айтсақ, құқықтық құжаттар: заңдар, жарғылар, келісімшарттар, жарлықтар (мысалы, "Жеті жарғы", Ресей патшалығының қазақтарға қатысты жарлықтары), ресми құжаттар: халық санағы, жер бөлу актілері, салық тізімдері, эпистолярлық деректер: тарихи тұлғалардың хаттары (Абылай хан мен Екатерина II хат алмасуы), Мемуарлар: белгілі тарихи тұлғалардың өмірбаяны (Мұстафа Шоқайдың естеліктері, Шоқан Уәлихановтың жазбалары), газет-журналдар: ХХ ғасырдағы қазақ баспасөзі (мысалы, "Қазақ", "Айқап" газеттері). Археологиялық деректер: Ежелгі қалалар: Отырар, Сауран, Тараз, Сарайшық. Қорғандар мен кесенелер: Есік қорғаны (Алтын адам), Берел қорғандары. Қыштан жасалған бұйымдар: қыш құмыралар, ыдыстар, жазу үлгілері. Металл және сүйек бұйымдары: қару-жарақ, әшекейлер, еңбек құралдары. Фольклорлық деректер: Мифтер мен аңыздар: Ер Төстік, Қорқыт ата туралы аңыздар. Шежірелер: ру-тайпалардың шығу тегі, қазақ жүздерінің тарихы. Эпос, жырлар: "Қобыланды батыр", "Алпамыс батыр", "Манас". Халық ауыз әдебиеті: мақал-мәтелдер, жұмбақтар, бата-тілектер. Көркем және материалдық мәдениет деректері: Сәулет

ескерткіштері: Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Айша Бибі кесенесі. Кескіндеме: ортағасырлық миниатюралар, ұлттық ою-өрнектер. Қолөнер: кілем тоқу, зергерлік бұйымдар, киіз үй жасау дәстүрі. Музыкалық аспаптар: домбыра, қобыз, сазсырнай. Жазба деректер. Бұл деректер өткен дәуірлерден қалған мәтіндік ақпараттарды қамтиды. Қосымша мәліметтер: Геральдикалық (мөр, таңба) құжаттар: хандар мен билеушілердің мөрлері (мысалы, Тәуке ханның мөрі). Генеалогиялық (тектану) құжаттар: ру-тайпалардың шежірелік кітаптары, патшалар мен билеушілердің шежірелік жазбалары. Дипломатиялық хаттар: Қазақ хандары мен басқа ел билеушілерінің хаттар (мысалы, Әбілқайыр ханның Ресей патшасына жолдаған хаты). Ғылыми еңбектер: Шоқан Уәлиханов, Әл-Фараби, Қадырғали Жалайырдың еңбектері. Археологиялық деректер. Заттай деректер ежелгі адамдардың өмір сүру салтын зерттеуге мүмкіндік береді. Қосымша мәліметтер: Жерлеу дәстүрлеріне байланысты артефактілер: Бесшатыр, Берел қорғандарынан табылған алтын бұйымдар, жауынгер киімдері. Көне жазба ескерткіштері: Орхон-Енисей жазулары, Талас жазба ескерткіші. Сауда жолдары: Жібек жолындағы қалалардан табылған тиындар, керамика, қыш бұйымдары. Еңбек құралдары: қола дәуіріндегі кетпен, тас дәуіріндегі сүйек пышақтар. Фольклорлық деректер: Бұл деректер халықтың ауызша тарихын, мифологиясын және мәдениетін зерттеуге көмектеседі. Қосымша мәліметтер: Жұмбақтар мен жаңылтпаштар: қазақ халқының дүниетанымын көрсетеді. Тарихи айтыстар: Бұқар жырау мен Абылай хан арасындағы айтыстар. Халық ертегілері: "Алдар Көсе", "Қожанасыр" әңгімелері. Қазақтың жоқтау дәстүрі: белгілі тұлғаларға арналған жоқтаулар тарихи оқиғалар туралы мағлұмат береді. Көркем және материалдық мәдениет деректері: Бұл деректер халықтың рухани және материалдық мәдениетін көрсетеді. Қосымша мәліметтер: Ұлттық киім үлгілері: шапан, камзол, сәукеле, белбеулер. Ұлттық әшекей бұйымдары: күміспен көмкерілген білезіктер, жүзіктер, шашбаулар. Музыка және аспаптар: күй өнері (Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет күйлері). Қазақтың ою-өрнектері: қошқар мүйіз, сыңар өкше, түйе табан. *Мысал:* Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – XIV ғасырда Әмір Темір салдырған, Түркістандағы ислам мәдениетінің маңызды ескерткіші. Тарихи деректер – өткен қоғамның дамуы мен оқиғаларын зерттеуге арналған, әртүрлі нысандары мен мазмұны бар дереккөздер. Қазақстан тарихын зерттеп жүрген ғалымдар тарихи деректерді бірнеше топқа бөледі: жазба деректер, археологиялық деректер, фольклорлық деректер, сондай-ақ көркем және материалдық мәдениет деректері. [6]

1. Жазба деректер

Жазба деректер – бұл мұрағат құжаттары, жылнамалар, эпистолярлық мұралар (хаттар), мемуарлар және баспасөз материалдарына негізделген мәліметтер. Жазба деректер тарихи

оқиғаларды тікелей сипаттайтындықтан, зерттеуде аса маңызды орын алады. Мысалы, ресми құжаттарға «Жеті жарғы» мен отарлық кезеңдегі патша жарлықтарын жатқызуға болады. Абылай хан мен Екатерина II арасындағы хат алмасулар – эпистолярлық деректерге мысал (Қойгелдиев М.Қ. «Алаш қозғалысы», 1995, 24-25-б.). ХХ ғасыр басындағы ұлт баспасөзі («Қазақ», «Айқап» газеттері) қоғамдағы ой-пікірді айқын көруге мүмкіндік береді.[7]

2. Археологиялық деректер

Археологиялық деректер – ескі қалалардың қазбаларынан, қорғандар мен кесенелерден, тұрмыстық бұйымдардан, жазба үлгілерінен табылған мәліметтер. Қазақстан аумағынан табылған Отырар, Сауран, Тараз, Сарайшық секілді ортағасырлық қалалар қалдықтары ел тарихының маңызды кезеңдерін айғақтайды. Ал Есік пен Берел қорғандарынан табылған алтын адам, көне қару-жарақ, әшекейлер, қыш ыдыстар сол дәуірдің шаруашылық, мәдени ерекшеліктерін көрсетеді.[8]

3. Фольклорлық деректер

Фольклорлық деректерге аңыз-мифтер, шежірелер, эпостық жырлар, халықтың мақал-мәтелдері, айтыстар, ертегілер жатады. Бұл деректер ауыз әдебиеті арқылы ұрпақтан ұрпаққа жетіп, халықтың тарихи санасы мен дүниетанымын көрсетеді. Мысалы, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Төстік» секілді эпостарда қазақ халқының ерлік жолы сипатталады. Шежірелер ру-тайпалардың шығу тегі туралы мәлімет береді.[9]

Деректерді жіктеу қағидалары.

Тарихи деректерді жіктеуде мынадай қағидалар негізге алынады:

№	Сыныптау немесе жіктеу негізі	Мысал
1	Деректің шығу тегі	Ресми, бейресми, жеке тұлғалық
2	Уақыты мен кеңістігі	Антикалық, ортағасырлық, жаңа заман
3	Ақпаратты жеткізу формасы	Жазба, бейнелік, ауызша
4	Мазмұндық бағыты	Саяси, әлеуметтік, мәдени, әскери
5	Объективтілік деңгейі	Нақтылық, субъективтілік

2. Деректермен жұмыс істеу кезіндегі әдістемелік талаптар

Тарихи деректермен жұмыс істеу барысында мынадай сұрақтарға жауап беру қажет: Тарихи деректермен жұмыс істеу барысында мынадай сұрақтарға жауап беру қажет: Бұл дерек кімнің атынан жазылған?, Ол қай кезеңде, қандай жағдайда пайда болды?, Деректе қай мүдде немесе идеология көрініс тапқан?, Деректегі ақпарат

нақты ма, әлде субъективті ме?, Басқа деректермен салыстырғанда сәйкестік бар ма? Бұл сұрақтар дерекке сыни тұрғыдан қарауды, оны талдау мен интерпретациялауды тиімді етеді. Тарихи деректердің типологиясы мен сыныптамасын білу – тарихшы үшін теориялық та, практикалық та маңызды білім саласы. Бұл деректерді жүйелі түрде талдау, оларды мазмұны мен формасына қарай жіктей білу зерттеушінің дерекпен сауатты жұмыс істеу қабілетін қалыптастырады. Сонымен қатар, типология тарихи деректерді салыстырмалы негізде қарастыруға, олардың бір-бірімен байланысын анықтауға және шынайылық деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

2.1. Тарихи деректерді талдау әдістері

Тарихи деректерді талдау әдістері: шетелдік және Отандық зерттеулер. Тарихи деректерді талдау – өткен кезеңдердің құбылыстары мен оқиғаларын объективті әрі сындарлы тұрғыдан пайымдауға бағытталған ғылыми әдіс. Бұл әдістерді қолдану арқылы зерттеуші тарихи деректердің шынайылығын, маңызын, контекстін және олардың интерпретациясын анықтайды. Осы бағытта шетелдік және Қазақстандық ғалымдар тарапынан бірқатар маңызды еңбектер жазылған. Батыс тарихнамасында тарихи деректерді талдаудың теориялық негізін қалаған ғалымдардың бірі — Леопольд фон Ранке. Ол тарихи оқиғаларды нақты деректер негізінде зерттеу қажеттігін алғашқылардың бірі болып ұсынды. Сонымен қатар, Эдвард Халлетт Карр «What is History?» (1961) атты еңбегінде тарихи деректердің субъективтілігі мен тарихшының рөлі туралы терең ой қозғайды. [10]. Француз тарихшысы Марк Блоктың «Апология тарихқа» (1949) атты еңбегі де тарихи деректерді сын тұрғысынан бағалаудың маңызды үлгісін ұсынады. Блоктың көзқарасын жалғастырған Фернан Бродель мен «Анналдар мектебінің» өкілдері тарихты кең әлеуметтік контексте зерттеуге шақырады. Сонымен қатар, Хейден Уайт тарихи нарратив пен дискурсты талдаудың теориялық негіздерін қалыптастырды. [11] Қазақстанда тарихи деректерді талдау әдістері ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі түрде қарастырыла бастады. Бұл салада көрнекті үлес қосқан ғалымдардың қатарында Мекемтас Мырзахметұлы, Қойшығара Салғараұлы, Зардыхан Қинаятұлы, Манаш Қозыбаев, Берекет Кәрібаев сынды зерттеушілер бар. Мәселен, Манаш Қозыбаев тарихи деректердің идеологиялық ықпалын ашып көрсетіп, деректанулық талдаудың сыни сипатын баса айтқан. Ол «Тарих және тағылым» атты еңбегінде кеңестік кезеңдегі тарихи деректерге шынайы баға беруге тырысты. Берекет Кәрібаев өз еңбектерінде қазақ хандығы дәуіріндегі жазба және ауызша деректерді салыстыра отырып, олардың мазмұндық ерекшеліктерін, тарихи шындықпен байланысын талдайды. Сондай-ақ, Талас Омарбеков кеңестік тарихнама мен қазіргі отандық

тарихты салыстыра зерттеу арқылы, тарихи деректерді қазіргі методологиялық ұстанымдар тұрғысынан қайта қарастыруға күш салған. Тарихи деректерді талдау әдістері – тарих ғылымының өзегі болып табылады. Шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектері бұл әдістің теориялық және практикалық аспектілерін жетілдіруге үлкен үлес қосты. Қазіргі таңда тарихи деректерді интердисциплинарлық тәсілмен зерттеу, яғни нарративтік, контекстуалды және салыстырмалы әдістерді қатар қолдану қажеттілігі айқын байқалуда. Бұл бағыттағы зерттеулер тарих ғылымының методологиялық тұрғыдан жаңғыруына мүмкіндік береді.

2.2. Салыстырмалы-тарихи әдіс

Тарихи құбылыстар мен оқиғаларды әртүрлі уақыт кезеңдерінде немесе әртүрлі қоғамдардағы ұқсас жағдайлармен салыстыру арқылы зерттейді. Оқиғалардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға көмектеседі. Мысалы:Қазақ хандығы мен Алтын Орданың мемлекеттік құрылымдарын салыстыру. Салыстырмалы-тарихи әдіс бойынша, Қазақстан тарихы пәнінен мынандай тапсырмалар жасауға болады. Салыстырмалы-тарихи әдіс – тарихи құбылыстарды, тілдерді, мәдениеттерді және қоғамдық үрдістерді салыстыру арқылы олардың шығу тегін, дамуын, өзара ықпалын анықтауға бағытталған ғылыми тәсіл. Бұл әдіс ғылымның әртүрлі салаларында – тіл білімінде, тарихта, этнологияда, әдебиеттануда және философияда кеңінен қолданылады. Әдістің басты мақсаты – ортақ белгілер мен айырмашылықтарды талдай отырып, зерттеліп отырған нысанның тарихи дамуын анықтау. Салыстырмалы-тарихи әдіс алғаш рет тіл білімінде қалыптасты. XIX ғасырда индоеуропалық тілдерді зерттеу барысында бұл әдіс кеңінен қолданылып, Фридрих Шлегель, Франц Бопп, Якоб Гримм сынды ғалымдардың еңбектерінде теориялық негізделе түсті. Якоб Гримм өзінің "Deutsche Grammatik" (1822) еңбегінде герман тілдерінің фонетикалық заңдылықтарын салыстыру арқылы салыстырмалы-тарихи әдісті тіл біліміне енгізді.[12] Қазақстандық ғылымда да бұл әдісті әртүрлі қырынан қарастырған ғалымдар бар. Мәселен, академик Әбдуәли Қайдар мен Ерулан Мадияров түркологияда салыстырмалы-тарихи әдісті қолдана отырып, түркі тілдерінің тарихи байланысын анықтауға зор үлес қосты. Ә. Қайдардың "Қазақ тілі тарихынан" (1998) атты еңбегінде түркі тілдерінің арасындағы фонетикалық, лексикалық ұқсастықтар осы әдіс арқылы зерделенген.[13] Ал тарих ғылымында салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану арқылы әртүрлі тарихи дәуірлер мен мемлекеттердің даму жолдарын, қоғамдық қатынастарын салыстырып зерттеу кең етек алды. Бұған қатысты М.Қозыбаев, К. Нұрпейіс және М. Әбусейітов сынды тарихшылардың еңбектерін атап

өтуге болады. Мәселен, М.Қозыбаев өз еңбектерінде кеңестік және қазақ қоғамының тарихи даму ерекшеліктерін салыстыра отырып, отарлау саясатының салдарын ашып көрсетті. Философиялық тұрғыдан бұл әдіс мәдениеттер мен өркениеттердің диахрониялық дамуын салыстыра отырып, тарихи заңдылықтарды түсіндіруге мүмкіндік береді.[14] Бұл бағытта Эдвард Тайлор, Льюис Морган сынды батыс ғалымдары мен қазақ ойшылдары, соның ішінде Ө. Нысанбаев еңбектер жазды. Салыстырмалы-тарихи әдіс – зерттеу нысанын кең ауқымда, кеңістік пен уақыт шеңберінде қарастырып, тарихи дамудың заңдылықтарын ашуға мүмкіндік беретін әмбебап әдіс. Ғылыми дәлдік пен салыстырмалы талдауға негізделген бұл әдіс көптеген салаларда, әсіресе тіл, тарих және мәдениеттану бағытында маңызды рөл атқарады.[15] Салыстырмалы-тарихи әдіс – лингвистика, тарих, мәдениеттану және басқа да гуманитарлық ғылымдарда қолданылатын маңызды әдістердің бірі. Ол түрлі халықтардың тілдері мен мәдениеттерін салыстыру арқылы олардың ортақ түп-тамырларын, тарихи байланыстарын және даму заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Салыстырмалы-тарихи әдістің ерекшеліктері: Тарихи процесті зерттеу – Бұл әдіс уақыт өте келе өзгерген тілдік, мәдени немесе әлеуметтік құбылыстарды қарастырады. Ортақ заңдылықтарды анықтау – Өртүрлі тілдердегі немесе мәдениеттердегі ұқсастықтарды зерттеп, олардың қандай тарихи себептерге байланысты пайда болғанын түсіндіреді. Реконструкция жасау – Ежелгі дәуірдегі құбылыстарды қалпына келтіру үшін қолданылады. Лингвистикада бұл әдіс арқылы прототілдер қалпына келтіріледі. Салыстыру принципі – Өртүрлі тілдер, оқиғалар немесе мәдениеттер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар талданады. Салыстырмалы-тарихи әдістің қолданылу салалары: Лингвистикада: Тілдердің туыстық байланысын анықтау үшін қолданылады (мысалы, түркі тілдерінің бір-бірімен байланысын зерттеу). Тарихта: Халықтардың миграциясын, мәдениеттердің өзара әсерін зерттеу үшін маңызды. Мәдениеттануда: Өртүрлі халықтардың салт-дәстүрлеріндегі ортақ элементтерді анықтау үшін пайдаланылады. Салыстырмалы-тарихи әдіс ғылымда маңызды рөл атқарады. Ол тек өткенді зерттеуге ғана емес, қазіргі мәдени және тілдік процестерді түсінуге де көмектеседі. Осы әдістің көмегімен адамзат тарихындағы көптеген байланыстар мен ұқсастықтарды анықтауға болады.

Салыстырмалы-тарихи әдіс – тарихи құбылыстар мен процестерді өзара салыстыра отырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға бағытталған ғылыми зерттеу тәсілі. Бұл әдіс тарихи деректерді талдау кезінде оқиғалардың даму логикасын, себеп-салдарын және әртүрлі елдер мен халықтар тарихындағы ортақ немесе ерекше белгілерді ашуға көмектеседі. Аталған әдіс зерттеушіден тарихи оқиғаларды тек біржақты қарастырмай, түрлі дереккөздермен салыстырып, әр тарихи кезеңдегі жағдайларды кең ауқымда зерделеуді

талап етеді. Мысалы, қазақ хандығының құрылуын моңғол дәуірімен немесе көрші мемлекеттердің мемлекеттілік дәстүрімен салыстыра отырып зерттеу — осы әдістің нақты көрінісі. Салыстырмалы-тарихи әдіс тарихты зерттеуде әмбебап тәсіл ретінде қолданылады. Ол әсіресе этногенез, мәдениетаралық байланыс, саяси жүйелердің эволюциясы сияқты салаларда ерекше маңызды. Бұл әдістің тиімділігі – нақты бір елдің тарихын кеңірек контексте қарауға мүмкіндік беруінде. Салыстырмалы-тарихи әдісті қолданған және сол тақырыпта жазған тарихшы-ғалымдар: Ермұхан Бекмаханов-тарихшы ғалым. XIX ғасырдағы Қазақстан тарихын Ресей империясымен салыстыра отырып зерттеді. «Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында» атты еңбегі – салыстырмалы-тарихи әдіске сүйенген маңызды зерттеу.[16] Мәмбет Қойгелдиев-Алаштанушы ғалым. Алаш қозғалысын Ресейдің демократиялық қозғалыстарымен салыстыра отырып зерттеді. Алаш интеллигенциясының тарихи орнын түсіндіруде салыстырмалы тәсіл қолданды. Талас Омарбеков-тарихшы ғалым, аштық тақырыбын зерттеген. Кеңестік кезеңдегі репрессиялар мен тарихи бұрмалауларды өзге елдер тәжірибесімен салыстыра отырып талдаған. Манаш Қозыбаев-тарихшы ғалым. Ұлттық сананы ояту жолындағы қозғалыстарды тарихи салыстыру негізінде қарастырған. Зиябек Қабылдинов-тарихшы ғалым. Еуразиялық тарихи процестерді салыстырмалы тұрғыда талдаған. Қазақ хандығы мен көрші мемлекеттердің дамуын салыстырған еңбектері бар. Салыстырмалы-тарихи әдіс – тарих ғылымындағы маңызды талдау құралы. Ол тарихи шындықты кең ауқымда зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақ тарихын ғылыми тұрғыда салыстыра отырып қарастырған ғалымдардың еңбектері осы әдістің маңызын дәлелдей түседі.[17]

Салыстырмалы-тарихи әдіске негізделген тапсырмалар

№1 тапсырма .Бірнеше дереккөзді салыстырып, айырмашылықтарын анықтау. Берілген екі немесе үш тарихи дереккөзді оқып, олардағы оқиғалар сипаттамасының айырмашылықтарын анықтаңыз.

Тақырыбы: «Алтын Орда тарихы»

1-дереккөз: Қазақ тарихшыларының зерттеулері

2-дереккөз: Орыс жылнамаларындағы мәліметтер

3-дереккөз: Батыс еуропалық саяхатшылардың жазбалары

Міндеттері:

1. Әр дереккөздің негізгі ұстанымдарын жазып алыңыз.

2. Олардың арасында қандай айырмашылықтар бар?

3. Айырмашылықтардың себебі неде болуы мүмкін?

(Көзқарастар, дереккөзі авторының мақсаты, тарихи жағдайлар)

Деректердегі қайшылықтарды талдау бойынша мынандай тапсырмалар беруге болады.

№2. Тапсырма:

Тарихи оқиға туралы екі түрлі көзқарасты қарастырып, олардың қайшылықтарын талдаңыз.

Мысал:

Тақырыбы: «Кенесары Қасымұлы көтерілісі»

1-дереккөз: Қазақ тарихшыларының еңбектері (ұлт-азаттық көтеріліс ретінде сипаттау)

2-дереккөз: Ресей тарихшыларының зерттеулері (Кенесарыны көтерілісші емес, «бүлікші» ретінде сипаттау)

Оқушыға тапсырма :

1. Әр дереккөздегі негізгі идеяларды анықтаңыз.

2. Деректер арасындағы қайшылықтар қандай себептерге байланысты туындаған?

3. Сіздің ойыңызша, қай дереккөз тарихи шындыққа жақын?

Неге?

№3 тапсырма. Ұқсас тарихи кезеңдер мен оқиғаларды салыстыру

Өртүрлі елдерде болған ұқсас тарихи оқиғаларды салыстырып, олардың ортақ және ерекшеленетін тұстарын анықтаңыз.

Мысал:

Тақырыбы: «АҚШ-тағы Тәуелсіздік соғысы мен Қазақ хандығының Ресейге қарсы күресі»

1-оқиға: 1775-1783 жылдардағы АҚШ-тың Ұлыбританияға қарсы соғысы

2-оқиға: XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығының Ресейге қарсы ұлт-азаттық күресі

1. Әр оқиғаның негізгі себептерін жазыңыз.

2. Қозғаушы күштері (қатысушылар, халықтың рөлі) қандай болды?

3. Нәтижелері мен тарихи маңызы қандай болды?

4. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын кесте түрінде көрсетіңіз.

Бұл тапсырмалар оқушылардың тарихи ойлау қабілетін дамытып, деректерді сыни тұрғыдан талдауға үйретеді.

Салыстырмалы-тарихи әдіс бойынша берілген сәйкестендіру тапсырмалары

№1 тапсырма.

Белгісі	Алтын Орда	Қазақ хандығы
Мемлекеттік басқару жүйесі	?	?
Билік иерархиясы	?	?
Әскер ұйымдастыруы	?	?
Салық және экономика	?	?
Діни саясат	?	?

Заң жүйесі	?	?
------------	---	---

№2 тапсырма .Сәйкестендіру тапсырмасы .
Алтын Орда мен Қазақ хандығына қатысты ұғымдарды сәйкестендіріңіз.

Сәйкестендіріңіз:

- 1. Алтын Орда астанасы болған қала – А) Түркістан В) Сарай-Бату С) Сығанақ**
- 2. Қазақ хандығының негізін қалаушылар – А) Абылай хан В) Едіге С) Керей мен Жәнібек**
- 3. XIV ғ. әйгілі әмірші – А) Қасым хан В) Тоқтамыс С) Тәуке хан**

№3 тапсырма. Тарихи мәтінді талдау

Берілген үзінді қай мемлекетке қатысты екенін анықтап, оның құрылымдық ерекшеліктерін сипаттаңыз: *"Бұл мемлекеттің билеушісі ұлы хан болып саналды. Оның жанында би, беклербек, уәзір сынды жоғары лауазым иелері болды. Мемлекет бірнеше әкімшілік аймақтарға бөлінді. Мемлекеттік басқаруда көшпелі дәстүрлер мен Шыңғыс хан енгізген жүйе қатар қолданылды."*

2.3. Сындарлы талдау (критикалық талдау) әдісі .

Сындарлы (критикалық) талдауды кейде деп те атайды.Критикалық талдау – деректің шынайылығы мен сенімділігін анықтауға бағытталған әдіс. Бұл тәсіл деректің авторын, жазылу уақытын, тарихи контекстін, дереккөздің мүмкін бұрмалауылын түсінуге көмектеседі.[18] **Сындарлы талдау- дегеніміз не деген сұраққа жауап берсек,(сындарлы ойлау арқылы талдау) — бұл белгілі бір мәселені немесе туындыны жай сипаттамай, терең, дәлелді түрде талдап, артықшылықтары мен кемшіліктерін, мәні мен тарихи маңызын жан-жақты қарастыруды білдіреді. Ол – сын көзбен қарап, ой елегінен өткізу** деген сөз. Сындарлы талдаудың белгілері: Мәтінді немесе деректі түсіну – тақырыптың мазмұнын ашу,бағалау – дерек немесе туынды қаншалықты маңызды, пайдалы, дәл? Екендігін қарау, басқа деректермен, оқиғалармен, авторлармен салыстыру, дәлелдеу – өз пікірін нақты деректермен, мысалмен негіздеу, қорытынды жасау – оқушыға қандай ой қалдырады? Тарихи деректерді сындарлы талдау тұрғысынан зерттеген ғалымдар (мысал ретінде Қазақстан тарихы бойынша): М Қозыбаев (ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстары, XX ғасырдағы саяси репрессиялар тақырыбын зерттеген, сын тұрғысынан ойлап, кеңестік кезеңдегі біржақты көзқарастарды терістеген. Е Бекмаханов-ХІХ ғасырдағы Кенесары Қасымұлы көтерілісін ғылыми тұрғыда зерттеген алғашқы ғалым. Кеңестік жүйеде

тарихты сындарлы тұрғыда қарастырғаны үшін қуғын көрді. Негізгі еңбегі – «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» (1947 ж.). М. Қойгелдиев-Алаш қозғалысы, саяси тарих және ұлттық интеллигенцияны зерттеген ғалым. Қоғамдағы тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге ұмтылған. Оның еңбектерінде деректерге сын көзбен қарап, салыстырмалы әдіс қолданылады.[19] Б. Кәрібаев-Орта ғасырлардағы қазақ хандығының құрылуын зерттеген. «Қазақ хандығы тарихы» еңбектерінде тарихи оқиғаларды кең көлемде талдап, фактілерге сүйенеді.[20] Сындарлы талдаудың қысқа үлгісі бойынша мысал келтірсек, *Мысалы*: "Кенесары көтерілісі туралы" сындарлы талдау: "Кенесарыны кейбір деректерде патшаға қарсы шыққан бүлікші ретінде сипаттайды. Алайда Ермұхан Бекмахановтың ғылыми дәлелдері арқылы бұл көтеріліс шын мәнінде ұлт-азаттық қозғалыс екенін көреміз. Бұл тарихи көзқарас — сындарлы ойлаудың көрінісі. Ол деректерді тек қабылдамай, салыстырып, бағалап, дәлелдеп отыр." Сындарлы талдау — ой жүгіртіп, дәлелмен сөйлеу. Бұл – ғылыми ізденістің, әдеби сынның және тарихты терең түсінудің негізгі тәсілі.[21]

Тарихшы-ғалымдар Е.Бекмаханов, М.Қозыбаев, М.Қойгелдиев, Б.Кәрібаевтар – сындарлы тарихи талдаудың жарқын үлгісін көрсеткен тұлғалар. Сындарлы талдаудың артықшылықтары: тарихи оқиғаларға назар аударуы, қазақ халқының ерлігі мен рухын көрсетуі, сценарийдегі көркемдік шешімдер мен актерлік ойын. Кемшіліктері: кейбір тарихи фактілер бұрмаланған (нақты мысал келтіріңіз), кейіпкерлердің бейнесі біржақты болуы, диалогтар мен костюмдердің шынайылықтан алшақ болуы.*Мысалы*: Фильмде кейбір тарихи шындық бұрмаланған – мысалы, Абылай ханның жоңғарларға тұтқынға түсуі нақты тарихи контексте толық ашылмаған. Сонымен қатар, кей кейіпкерлер көркем образға айналып кеткендіктен, олардың тарихи бейнесі көмескі екендігін анықтау болып табылады. Сындарлы (критикалық) талдау – тарихи деректерді бағалау, салыстыру және объективті түрде пайымдау арқылы зерттеу нысанының шынайы мазмұнын ашуға бағытталған әдіс. Бұл тәсіл ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізі болып табылады, себебі тарих ғылымында деректердің түпнұсқалығы мен шынайылығын дәл анықтау аса маңызды. Қазақ тарихын зерттеу барысында сындарлы талдау әдісін кеңінен қолданған көрнекті ғалымдардың бірі – **Мұхаммед Хайдар Дулатидің** «Тарих-и Рашиди» еңбегі. Ол өз заманындағы саяси оқиғалар мен тарихи тұлғаларға қатысты сын тұрғысынан баға беріп, деректердің маңыздылығына ерекше мән берген.[22] **Е.Б. Бекмаханов** – Қазақстан тарих ғылымындағы ірі тұлға. Оның «ХІХ ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан» атты монографиясында Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс оқиғалары сындарлы көзқарас негізінде қарастырылып, патша үкіметінің саясаты мен қазақ халқының мүддесі салыстырмалы түрде

бағаланған.[23] Сындалры талдау әдісін ұстанған тағы бір белгілі ғалым – **М.Қ. Қозыбаев**. Оның «Жауды шаптым ту байлап» атты еңбегінде қазақ батырлық эпосы мен тарихи оқиғалар арасындағы байланыстар сындарлы көзқараспен қарастырылады. Ол дерек пен аңыздың ара-жігін ажыратып, ғылыми пайымдаулар жасайды.[24] Сонымен қатар, **Т. Таханұлының** «Қазақ хандығы тарихының мәселелері» атты еңбегінде дереккөздерді талдау барысында ортағасырлық парсы, араб және түркі деректеріне сын көзбен қарап, идеологиялық ықпалдың әсерін ашып көрсетеді. Қазақ хандығы кезеңін зерттеуде сындарлы талдау тәсілін қолданған **З.Қ. Қинаятұлы** да атап өтуге тұрарлық. Оның «Хандар шежіресі» еңбегінде хандық биліктің эволюциясы мен саяси үдерістер сын тұрғысынан сипатталған.[24]. Жалпы алғанда, сындарлы талдау – тарих ғылымындағы басты әдістердің бірі ретінде қазақ халқының өткенін ғылыми тұрғыда зерделеуде маңызды рөл атқарады. Бұл әдіс арқылы тек нақты оқиғалар ғана емес, сол оқиғаларға қатысты әртүрлі көзқарастар мен идеологиялық ықпалдар да ашық түрде сарапқа салынады. Деректің түпнұсқалығын анықтау үшін келесі негізгі тәсілдерді қолдануға болады: Ақпарат көзін талдау. Дерек қайдан алынған? (Ресми құжаттар, ғылыми мақалалар, мұрағат материалдары, кугерлердің сөздері). Авторы кім? Оның сенімділігі мен біліктілігі бар ма? Көздің мақсаты қандай? (Ақпарат беру, үгіт-насихат жүргізу, манипуляция жасау). Дереккөздерді салыстыру. Бір деректі бірнеше тәуелсіз дереккөздерден тексеру. Басқа зерттеушілер мен ресми мекемелер бұл деректі растаған ба? Уақыт пен орын сәйкестігін тексеру. Дерек оқиға болған уақытқа және орнына сәйкес келе ме? Оқиға кезінде бұл дерек тіркелген бе? Мұрағат және ресми құжаттармен тексеру. Мемлекеттік немесе жергілікті мұрағаттарда сәйкес деректер бар ма? Занды құжаттар, үкіметтік шешімдер немесе тарихи құжаттармен сәйкестігін тексеру. Құжаттың физикалық сипаттамасын зерттеу: Егер бұл қағаз құжат болса, қағазының ескіру деңгейін, мөрлер мен қолтаңбалардың түпнұсқалығын зерттеу. Цифрлық дерек болса, оның бастапқы дереккөзін анықтау. Контексті талдау: Оқиғаның тарихи, мәдени, саяси және әлеуметтік жағдайларына сәйкес келуін қарастыру. Деректе келтірілген фактілер мен мәліметтер тарихи логикаға сай келе ме? Мамандардың пікірін сұрау; Тарихшылар, архив мамандары, зерттеушілер және тиісті саладағы басқа сарапшылардан кеңес алу. Дереккөздің авторы мен уақыты туралы мәліметтерді тексеру. Авторының сенімділігін анықтау. Автор туралы мәлімет бар ма? (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, мамандығы, өмір сүрген уақыты). Ол белгілі тұлға ма, әлде анонимді ме? Оның басқа еңбектері бар ма және олар тарихи шындыққа сәйкес келе ме? Жазылған уақытын тексеру. Дерек нақты оқиға орын алған уақытқа сәйкес келе ме? Оқиға болғаннан кейін қанша уақыт өткенде жазылған? Егер құжаттың

басылған немесе жазылған жылы көрсетілсе, оны мұрағаттық құжаттармен немесе басқа тәуелсіз дереккөздермен салыстыру. Тілдік және стильдік талдау. Құжаттың тілі мен стилі сол кезеңге сәйкес келе ме? Ескі жазу үлгісі қазіргі нұсқалармен сәйкесе ме? (Мысалы, көне түркі, араб графикасы, кириллица). Егер құжатта кейінгі дәуірге тән сөздер болса, бұл жалғандық белгісі болуы мүмкін. Қолжазбалар мен баспа материалдарының сәйкестігін салыстыру. Қолжазба мен баспа нұсқасының мазмұнын салыстыру. Екі нұсқа арасында мәтіндік айырмашылықтар бар ма? Баспа нұсқасында қосымша өңдеулер немесе өзгертулер жасалған ба? Қолжазба түпнұсқа болып, кейін баспада өзгертілген болуы мүмкін. Құжаттардың физикалық сипаттарын тексеру. Қолжазбаның жазылу материалы (қағаз, сия, пергамент) қандай дәуірге тән? Баспа материалында қолданылған әріп шрифті мен баспа техникасы қай кезеңге сәйкес келеді? Мұрағат және кітапханалардағы нұсқалармен салыстыру. Егер дерек белгілі бір мұрағатта сақталған болса, оны басқа ғылыми еңбектердегі сілтемелермен салыстыру. Басқа басылымдарда осы дерекке сілтеме жасалған-жасалмағанын анықтау. Палеографиялық және текстологиялық зерттеу жүргізу. Егер мәтін көне қолжазба болса, оны графикалық ерекшеліктері бойынша зерттеу (әріптер формасы, жазу мәнері). Егер бір дерек әртүрлі басылымдарда кездессе, олардың мазмұндық сәйкестігін тексеру. Оқиғаның хронологиялық сәйкестігін анықтау. Деректе сипатталған оқиға сол дәуірдің саяси, әлеуметтік, мәдени жағдайларына сәйкес келе ме? Басқа тарихи дереккөздерде бұл оқиға туралы мәлімет бар ма? Егер дерек белгілі бір уақыт кезеңіне сәйкес келмейтін элементтерді қамтыса (мысалы, белгілі бір технология немесе терминология тым ерте немесе кеш қолданылған болса), онда оның түпнұсқалығы күмән тудырады. Сол кезеңдегі басқа оқиғалармен салыстыру. Ұқсас оқиғалар сол уақытта басқа аймақтарда орын алды ма? Егер дерек белгілі бір соғыс, табиғи апат немесе саяси өзгерістерге сілтеме жасаса, ол басқа тарихи дереккөздерде қалай сипатталған? Егер басқа дереккөздерде ол мүлде кездеспесе, онда оның түпнұсқалығын қайта қарастыру керек. Тарихи тұлғалар мен олардың әрекеттерін салыстыру. Дереккөзде аталған тұлғалардың шынайылығын тексеру. Деректе көрсетілген адамдар шынымен өмір сүрді ме? Олардың өмірбаяны басқа дереккөздерде кездеседі ме? Егер тарихи тұлғаға тым әсіреленген немесе оған жат әрекеттер телінсе, дерек күмәнді болуы мүмкін. Тұлғалардың рөлін басқа дереккөздермен салыстыру. Сол оқиғаға қатысқан басқа тарихи тұлғалар бұл туралы қандай мәлімет қалдырды? Сол кезеңдегі билеушілер, әскербасылар, ғалымдар немесе жазушылар бұл оқиға туралы не жазған? Егер дерек белгілі бір тұлғаны асыра мадақтаса немесе даттаса, оның үгіт-насихат құралы болуы мүмкін. Ұқсас тарихи кезеңдер мен оқиғаларды салыстыру арқылы деректің шынайылығын анықтауға болады. Егер оқиға басқа

дереккөздермен сәйкес келсе және тарихи логикаға сай болса, оның түпнұсқалығына сенуге болады. Ал егер дерек біржақты немесе басқа дереккөздерге қайшы келсе, оны қосымша зерттеу қажет. Сындарлы талдауға арналған бірнеше тапсырма жасауға болады.

№ 1 тапсырма. Мәтіндік талдау

Берілген мәтінді оқып, оның негізгі идеясын, автордың көзқарасын және мәтіндегі дәлелдерді талдаңыз.

Мәтін:

"Қазіргі әлемде ақпараттың көптігі адам санасын шатастыруы мүмкін. Сондықтан әрбір адам кез келген деректі сын тұрғысынан бағалап, оның шынайылығын тексеруі қажет."

Сұрақтар:

1. Мәтіннің негізгі идеясын анықтаңыз.
2. Автор қандай дәлелдер келтіреді?
3. Осы оймен келісесіз бе? Өз көзқарасыңызды негіздеңіз.

№2 тапсырма. Фильм немесе кітап талдауы

Сіз жақында көрген бір фильмді немесе оқыған кітапты сындарлы тұрғыдан талдаңыз?

Бұл тапсырмада оқушы "Тарихи фильмді немесе оқыған тарихи кітапты сындарлы тұрғыдан талдаңыз" деген сұраққа жауап беру үшін, тарихи туындыны тек баяндап қоймай, оның мазмұнын, тарихи шындықпен сәйкестігін, автордың ұстанымын, кемшіліктері мен артықшылықтарын саралап, өз көзқарасыңызды дәлелмен айту керек. Ол үшін мұғалім туындыны таныстырып өтеді.

1. Қандай фильм немесе кітап?
2. Авторы кім? Қашан жазылды немесе түсірілді?
3. Қандай тарихи кезеңді сипаттайды?

Мысалы: Менің талдауым "Көшпенділер" (2005) тарихи фильміне негізделген. Бұл фильм қазақ хандығының құрылуы мен Абылай хан тұсындағы оқиғаларға арналады. Ол үшін фильмнің немесе кітаптың мазмұнына қысқаша шолу жасау керек. Мысалы мынандай сұрақтар қою арқылы тапсырманы нақтылай түсуге болады.

1. Негізгі оқиғалар қандай?
2. Қандай тарихи тұлғалар бейнеленген?

Мысалы: Фильмді алсақ, Абылай ханның балалық шағы, батыр ретінде қалыптасуы, жоңғарлармен күресі суреттеледі. Сонымен қатар тарихи тұлғалар – Қалдан Серен, Бөгенбай батыр, Төле би де бейнеленеді. Тапсырманы бекіту үшін немесе жалпы сыныпты жұмылдыру үшін қойылатын сұрақтар?

1. Фильмнің немесе кітаптың негізгі идеясы қандай?

2. Автор қандай көркемдік немесе риторикалық тәсілдерді қолданған?
3. Оның кемшіліктері мен артықшылықтарын атаңыз.
4. Бұл шығарма сізге қандай ой салды?

2.4. Контекстуалды талдау әдісі

Контекстуалды талдау – тарихи деректерді, құжаттарды, оқиғаларды олардың пайда болған заманының әлеуметтік, саяси, мәдени және идеологиялық жағдайында қарастыратын ғылыми әдіс. Бұл тәсіл тарих ғылымында деректің мазмұнын ғана емес, сонымен қатар оның мәнмәтінін ашуға көмектеседі. Қазақ тарихында бұл әдіс соңғы жылдары кеңінен қолданыс таба бастады. Әсіресе, жаңа тарихи парадигма аясында жазылған зерттеулерде контекстуалды талдау – негізгі әдістемелік құралдардың біріне айналды. Мысалы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зарқын Тайшыбай өз еңбектерінде Алаш қайраткерлерінің мұрасын зерттегенде деректерді заманауи саяси-қоғамдық жағдаймен байланыстыра отырып талдайды. Оның "Алаш арыстары: тарихи-деректік зерттеу" атты еңбегінде Алаш қозғалысы қайраткерлерінің жазбалары сол уақыттағы отарлық саясат, патша үкіметінің идеологиясы және халықтың ұлттық сана-сезімі тұрғысынан контекстуалды түрде сараланады.[25] Сонымен қатар, Бүркіт Аяған бастаған тарихшылар тобы жазған *«Қазақ мемлекеті: дәуірлер үндестігі»* атты еңбекте де тарихи оқиғалар контекстуалды тұрғыдан қарастырылған. Бұл еңбекте Алтын Орда, Қазақ хандығы, және Ресей империясының отарлау кезеңдері бір-бірімен сабақтастырыла зерттеліп, әр тарихи кезеңнің мәнмәтіні ашылады.[26] Жас тарихшы Ерлан Сайлаубай да ХХ ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстарын зерттеу барысында контекстуалды талдауды қолданады. Оның мақалаларында тарихи қайраткерлердің қызметі заманауи саяси жағдаймен, мәдениетпен және халықаралық үдерістермен байланыстырыла қарастырылады. Контекстуалды талдаудың маңыздылығы – тарихи деректерді механикалық түрде емес, сол кезеңдегі өмір шындығымен, саяси құрылыммен, менталитетпен ұштастыра қарастыруында. Бұл әдіс әсіресе ұлттық сананың қалыптасуы, идеология, тарихи жад, тұлғатану бағыттарында тиімді. Осылайша, қазақ тарихында контекстуалды талдау әдісін қолданған зерттеушілердің қатарына З. Тайшыбай, Б. Аяған, Е. Сайлаубай сынды ғалымдарды жатқызуға болады. Бұл әдіс бүгінгі таңда тарихи объективтілік пен сындарлы пайым жасаудың сенімді құралы ретінде өз орнын тапты. Контекстуалды талдау – белгілі бір дереккөзді немесе құбылысты оның тарихи, мәдени, әлеуметтік және саяси контекстінде қарастыратын зерттеу әдісі. Бұл тәсіл мәтіндерді, оқиғаларды немесе артефактілерді олардың пайда болу жағдайларын ескере отырып

талдауға көмектеседі. Контекстуалды талдаудың негізгі принциптері: Тарихи контекст – Зерттелетін дереккөздің немесе оқиғаның қандай тарихи кезеңде және қандай оқиғалар аясында пайда болғанын анықтау. Мәдени контекст – Зерттеліп отырған құбылыстың белгілі бір қоғамдағы салт-дәстүрлерге, құндылықтарға және идеологияға қаншалықты байланысты екенін қарастыру. Әлеуметтік контекст – Қоғамдағы әлеуметтік құрылымдар, топтар мен таптардың рөлі, олардың оқиғаға немесе мәтінге ықпалы. Саяси контекст – Белгілі бір кезеңдегі билік құрылымдары, саясаттың оқиғаға немесе дереккөзге әсері. Авторлық контекст – дереккөзді жасаған автордың көзқарасы, оның қандай әлеуметтік немесе саяси жағдайға байланысты мәтінді жазғаны. Қолдану салалары: Тарихта: тарихи құжаттар мен оқиғаларды зерттеу кезінде олардың заманына сәйкес мағынасын түсіну үшін қолданылады. Мысалдар: Тарихи құжатты талдау: Мысалы, Абылай ханның Ресей мен Қытайға жіберген хаттарын қарастырғанда, XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайын ескеру қажет. Әдеби шығарма: Абай Құнанбайұлының шығармаларын түсіну үшін, сол дәуірдегі қазақ қоғамының ахуалын, отаршылдық ықпалды, әлеуметтік теңсіздікті қарастыру маңызды. Саяси дискурс: XX ғасырдағы КСРО-ның ресми баяндамаларын талдағанда, олардың пропагандалық мақсатта жазылғанын ескеру керек. Контекстуалды талдау оқиғалар мен дереккөздерді олардың пайда болу жағдайларын есепке ала отырып түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс тарихи шындықты бұрмалаудан сақтап, оқиғалар мен мәтіндерді объективті бағалауға көмектеседі.[27]

Контекстуалды талдауға арналған тапсырмалар

